

## **ЭПИДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ОНЛАЙН-БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚЫЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ЖОЮДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

**Алғабек Мәнзира**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистрі  
Нұр-Сұлтан қ.  
E-mail:manziyila1994@gmail.com

### **Аннотация**

Аталған мақалада эпидемия кезіндегі онлайн-білім берудегі кездесіп отырған қыындықтар мен білім берудегі бірқатар өзекті мәселелер қарастырылған. ҚР білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сілтеме жасай отырып білім беруді ақпараттандыру және онлайын оқытудың мүмкіндіктері атап көрсетілген. Шет елдік тәжірибелердегі алғышқы интернет жілдері, құрылғылары, олардың қолданылу жайында сиптталған.

**Түйін сөздер:** Эпидемия, болашақ педагог тәрбиелеу, тарих, онлайн-білім беру

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2020 жылдың 14 наурыз күнгі № 108 бұйрығымен белгіленгенін атап өткен жөн. Аталған бұйрыққа сәйкес, 16 наурыздан 15 сәуірге дейін: мектепке дейінгі білім беру үйімдары штаттық режимде жұмыс істейді (карантин жарияланған аймақтардағы мектепке дейінгі білім беру үйімдарын қоспағанда); қосымша білім беру мемлекеттік үйімдарының қызыметтері тоқтатылды; кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейінгі, және жоғары білім беру үйімдары бекітілген оқу жүктемесі, оқу жоспары, бағдарламалары мен оқу кестесіне сәйкес қашықтан оқыту технологиялары негізінде оқытуға көшті; 2020 жылдың 16 наурызы мен 5 сәуірі аралығына оқушыларға көктемгі каникул белгіленді. Каникул уақытында педагогтар қашықтықтан жұмыс істей режиміне көшеді: әдістемелік және шығармашылық жұмыстарын үйде жүргізуге болады.<sup>[1]</sup>

Аталған бұйрықтан кейін барлық оқу орындар жапатармай онлайн сабак өтүге көшті, оқушыларда мұғалімдерде сасып қалды. Кенеттен пайда болған бұл індет, барлық адамзатты қатты күйзеліске және көптеген салаға қолайсыздықты ала келді. Білім беруді ақпараттандыру және онлайын оқыту үшін эпидемия бұл мүмкіндік, бұл білім беру реформасын алып келуі даусыз.

Елімізде жаңа оқу жылында, Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты 1 қыркүйектен бастап оқу жылы жалпы қашықтан оқыту форматында басталады. алдын ала болжам бойынша, интернет платформалар мен теледидарды пайдалана отырып, қашықтан оқыту форматында 2,6 млн оқушы (79%), кезекші сыныптарда 530 мың бала (17%), штаттық түрде ауылдарда 157 мыңдан астам оқушы (4%) білім алады деп күтілуде.<sup>[2]</sup>

Эр түрлі жерлердегі жағдайға қарағанда, түрлі пікірлер мен хаос өте көп. Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, қазіргі кездегі онлайн-қашықтықтан білім берудің үш негізгі проблемасы ушығып тұр:

Біріншіден, ол интернеттің тосылуы, және техникалық қолдаудың жоқтығы. Бұрын-соңды болып көрмеген онлайн оқушылардың санының себебінен көптеген онлайн-курстық платформалар әртүрлі мәселелеге дұп келді.

Екіншіден, онлайн оқу оффлайн режиміндегідей тиімді емес, себебі көптеген мұғалімдердің көпшілігінде желіде сабак беру тәжірибесі жоқ.

Үшіншіден, отбасылық ауыртпалық, оқуды басқару мен қадағалау ата-аналардың мойына артылды, көп балалы отбасыларға тіптіде қыйнға соқты.

Шындығында, бұл проблемалар желілік (қашықтықтан) білім берудің өзі емес, техникалық қолдау, сапаны қамтамасыз ету және менеджментті қадағалау ұлттық білім беру ресурстық платформасының құрылышын арттыру және әлеуметтік білім беру үйымдарында мамандарды курстарға қатысуга ынталандыру қажет. Жоғарыда аталған мәселелерді шешуге болады. Алайда, мәселенің түйіні - жаңа технологиялық революция мен білім беру реформасы арасындағы байланысты қалай қарастыратындығымызды және эпидемия мен болашақтағы өзгерістер сияқты апартарға негұрлым жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін дәстүрлі білім беруді түрлендіру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалануымызды. Бұл эпидемия болашақта мектепті трансформациялауга ой қосуда және болашақта «желіде оқытууды» нормалды деп қарауға мүмкіндік туғызды.

Адам баласы әрдайым дүниені түсіну үшін құралдарды қолданады. Құралдарды ойлап табу және жаңарту адамзат тарихының алға жылжыуна ықпал етеді. Сонымен бірге білім беру әдістерінің өзгеруі мен жаңартылуы да білім берудің алға басуы мен дамуына ықпал етуде. Адамзат бүгінгі күнге дейінгі дамыгуында, тек білім ғылымды жинақтаумен алдыға жылжып қана қоймай, сонымен бірге білімді тарату тәсілі де бірнеше рет диверсиялық өзгерістерге ұшырады. Француз ғалымы Монако ұсынған көзқарас бойынша, ол төрт негізгі кезеңді бастан өткердійді: адамдар арасындағы тікелей бейнелеуге сүйенетін орындау кезеңі, тіл мен мәтіннің арасында жанама жеттізуге негізделген экспрессия кезеңі, дыбыстық және бейнелік жазбага сүйенетін бейне сатысы және адамдар ара тең дәрежеде Интернетте әрекеттесу кезеңі.

Эр түрлі кезеңде білім беру әдістері де әртүрлі. Тәрбие әдістері үш өлшемді қамтиды: оқыту - ақпарат алу құралы, ақпарат тарату құралы және өзара әрекеттестік құралы. Анық байқауга болады, әр реткі білімді жеткізудегі кез-келген өзгеріс білім беру әдістерін айтартықтай өзгертті және білім берудің өнімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етті. Орындау кезеңінде ақпарат алу құралдары салыстырмалы түрде қарапайым, тек ауызша сөзге сүйенеді; экспрессия кезеңі мен дыбыстық және бейнелік жазбага сүйенетін бейне сатысында, Мәтіндік, жылжымалы типтегі басып шығару және бейнелеу технологиясының арқасында мұғалімдер ақпараттың жалғыз көзі болып қалмады және оқыту мен үйренудің ара-жігін салыстырмалы түрде ажырату мүмкіндігі бар болды.

Интернет сатысында, әсіресе мобиЛЬДІ интернет, жасанды интеллект, супер компьютерлер және ми туралы ғылым сияқты жаңа ғылым мен технологияның пайда болуымен әлем кішкентай қалаға айналды, білімді жеттізу әрі тез әрі барлық адамзатқа тең болды, сонымен қатар ол білім беру әдістері мен режимдеріне терең өзгерістер алғып келді.

Адамзат тарихында адамзат өндірісі мен өмір салтын Интернеттегідей тез және терең өзгерте алатын технология бұрын-соңды болған емес.

Бастама: Скиннердің оқыту машинасы. Шындығында, әлемдегі алғашқы компьютердің дүниеге келуі тек 70 жыл бұрын болған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде әскери мәліметтермен жұмыс жасау мәселесін шешу үшін АҚШ әскери құштері Пенсильвания университетінің Морчилей мен Эккерт бастаған ғылыми тобын құрып, электронды-есептеуіш машиналарын дамыта бастады.

1946 жылы 14 ақпанда салмағы 30 тонна және 160 шаршы метр аумақты қамтитын 17 468 түтік, 60 000 резистор, 10 000 конденсатор және 6000 ақыратқыштан тұратын электронды есептеуіш машина ресми түрде іске қосылды. Алайда, ол кезде компьютердің білім беру саласына және мектептегі білімге ешқандай әсер етпеген.

Шамамен сол уақытта, сол университеттің зертханасында тағы бір психолог Скиннерге тағы бір зерттеу жүргізе бастаған: көгершіндерді үйрету, оларды ракетаның ұшын басқару үшін пекинг қозғалысын қолдануга қосу.

Ол кезде Германия соғыс кезінде Ұлыбританияға шабуыл жасау үшін зымырандарды қолдана бастағандықтан, одақтастар құштерінде мұндаидар қару болған жоқ. Өкінішке орай, бұл зерттеуде үлкен жетістік болған жоқ, ал кейінірек бұл бақылауға радиолокацияны басқарды. Сәтсіздікке ұшыраған Скиннер үмітін үзбеді. Бұл «көбелектің эффектісі» болды ма, компьютерлік зерттеулерден туындағы ма, әлде таңқаларлық кездейсоқтық болды ма? Скиннер соғыстан кейін оқу машинасын ойлап тапты. Бұл машинаның құрылымына төрт бөлік кіреді(1-сурет): енгізу, шығару, сақтау және басқару.<sup>[3]</sup>



1-сурет. Скиннердің оқыту машинасы

Адамдар Скиннердің зерттеулерін машиналық оқыту немесе бағдарламалық оқыту деп атайды. Егер біз мұқият зерделесек, онда Скиннердің бағдарламалық оқыту идеялары қазіргі МООС-қа өте жақын екеніне көз жеткізуге болады, өкінішке орай, ол кезде Интернет болған жоқ және оның идеялары мен әдістері мектептегі оқытуды шынымен де өзгерте алмады. Алайда, Скиннердің құш-жігері кейінгі мектепті жойу қозғалысы түрткі болды.

Мектепті жойыту қозғалысы және интернет-білім берудің «бүршік жаруы» - бұл 20-ғасырдың 60-шы жылдардан бастап әлемдік білім революциялық бағытқа бет бүрді. Бір жағынан, кеңестік жер серіктерінің пайда болуымен американцытар өз еліне қауіп төніп

түрганын сезеді. Технологиялық артта қалудың негізгі себебі білім берудегі артта қалушылықта жатыр. Бұкіл қоғамда білімге қанағаттанушылық бұрын-соңды болмаған деңгейде және әртүрлі елдердегі студенттер қозғалысының толқыны адамдардың мектептерге деген үміттерін одан әрі бұзды. Адамдар біртіндеп мектептер экономикалық өркендеу мен әлеуметтік прогресс күткендей емес, көптеген әлеуметтік мәселелердің тамырына айналғанын түсінді. Көптеген адамдар мектеп енді құнды оқу орны емес деп санай бастады. Мектепті жойыту қозғалыстың өкілі Иван Ильич айтқандай: «Біз үрпақтар бойына көптеген білім беру арқылы әлемді жақсартуга тырыстық. Бірақ әзірге бұл әрекет нәтижесіз болды».<sup>[4]</sup> Оның пікірінше, қазіргі мектептер шынайы білімге кедергі келтіріп қана қоймай, қабілетсіз және тұлғалық ерекшелігі жоқ адамдарды, сонымен қатар әлеуметтік поляризация мен жаңа тенсіздікті тұдырады. Соңдықтан мектеп оқу жоспарымен және оның идеялармен бірге жойылуы керек дөлінген. Ильичтің білім беру тұжырымдамасында Интернет-білім берудің көрінісі бар екенін көруге болады. Алайда, сол кезде Интернет технологиясы әлі көшпілікке жария бола қоймагандықтан, мектептер жойылмады, оқыту ұлғасы де түбегейлі өзгерістерге ұшыраған жоқ. 1969 жылы, соңдай-ақ, әскери қажеттілікten тыс, АҚШ қорғаныс министрлігінің алдыңғы қатарлығының жобаларды басқару басқармасы бірнеше әскери компьютерлік хосттарды біріктіруге тырысу үшін ARPAnet атты желіні құра бастады. Бастапқыда тек 4 хост қосылса да, бұл Интернеттің ресми жарық көруінің белгісі.(2-сурет)



2-сурет

1984-жылы АҚШ-тың Ұлттық гылым қоры Интернеттің әскери қосымшасын гылыми зерттеулер мен білім беру саласына бұруға тырысты. ARPAnet құрастырылған TCP / IP байланыс протоколының көмегімен NSFnet WAN бес гылыми зерттеу және білім беру суперкомпьютерлік орталықтар негізінде құрылды. Бес жылдан кейін коммерциялық үйымдар оның құндылығын анықтады. Коммерциялық Интернет ресми түрде 1991 жылы құрылды, ал Интернет жаңа тарихи даму кезеңіне кірді.<sup>[5]</sup>

#### **Интернеттің таңғажайып жағдайларды алып келді .**

Біріншіден-Интернеттің қарқынды дамуы. Белгілі IDC консалтингтік үйімінің соңғы зерттеу есебіне сәйкес бұкіл әлемде Интернет пайдаланушылардың саны 3,2 млрд-қа жетті, бұл әлем халқының шамамен 44% құрайды; олардың арасында мобильді интернетті пайдаланушылардың жалпы саны 20 Миллиард жетті.

Екіншіден, Интернетті қолдану өте кең. Сауда, көлік, қаржы, өндіріс салаларында Интернетте дәстүрлі модельдерге өзгеріс алыш келуде. [6]

Сонымен, Интернет біздің білімізді өзгерте ала ма?

Білім беру саласында бұрын белгілі «Джобс сұрақ» болған: неге білім беру саласындағы ақпараттық технологияларға инвестиция өндіріс пен айналым саласындағыдай нәтиже бермейді? Білім беруді ақпараттандыруға әлемдегі барлық үкіметтердің бірлескен инвестициялары барлық салаларда теңдесі жоқ, бірақ неге өндіріс пен таратуда мұндай тиімділік жоқ? Неліктен кірістер мен шығыстар осында пропорционалды емес?

Осыған байланысты АҚШ-тың бұрынғы білім министрі Дункан бір жағдайды алға қойды: себебі білім құрылымдық өзгеріске ұшырамады. Ол былай атап көрсетті: білім беруде ақпараттық технологияларды қолдануды негізінен үш кезеңге бөлуге болады, бірі құралдар мен технологияның өзгеруі (мысалы, РРТ қолдану, компьютердің көмегімен оқыту), екіншісі - оқыту режимінің өзгеруі (мысалы МООС), үшіншісі Мектеп формасындағы өзгерістер (білім беру құрылымындағы өзгерістер). Біз тұра осы өзгеріске дөп келдік.

Сондықтан Интернет + негізіндегі білім берудің маңызды мәселесі техникалық проблема емес, дәстүрлі білім беру құрылымы мен моделіне өзгеріс енгізіп, мектеп формасының жаңа дизайнын жүзеге асыруы керек.

Интернет білім беруді өзгертеді, уақыт өте келе, ол интернеттің бизнесті және қаржыны өзгертетін сияқты білім беруді де өзгертеді. Интернет негізінде аралас оқыту болашақта білім берудің негізгі режиміне айналады. Эрине, ол келесі үш негізгі шартты қажет етеді.

*Қазіргі мектеп үлгісіне өзгеріс енгізіп, желіде оқытуудың заңдылығын мойындау.* Біздің қазіргі білім беру жүйеміз өндірістік төңкеріске негізделген. Ол ауқымды, тиімділікке басымдық береді және басты мақсат ретінде білімді таратуды қолдайды. Мұғалім, оқу материалдары және сыйып бөлмелері айтарлықтай тұрақты, осы үшін білім берудің «темір ұшбұрышын» құрайды. Бұлар өзгерген жоқ және бұл өзгеріссіз қалады, Біз білімге бағытталған оқуды оқушыға бағытталған етіп өзгертуіміз керек. Білім берудегі уақыт пен кеңістіктегі шектеулерді жою керек, Стэнфордтағы Интернет орта мектебі сияқты, студенттерге білім мен қажетті нәтижелерді онлайн режимінде алуға мүмкіндік беруміз керек. Бұл жөнінде еліміздегі бір қанша жоғары оқу орындары және мектептерде қолданыла бастады және жақсы нәтиже көрсетті, оқушылар күнделікті нәтижені өзінің жеке кабинетінен көре алуға болады. Неліктен әр түрлі оқу негіздері, әртүрлі оқу қызығушылықтары және әртүрлі оқу әдеттері бар адамдарды бір сыйыпқа отыргызуға мәжбүр ету керек? Болашақ мектебі ғаламтор арқылы білуге, топ арқылы білуге, үйде білім алуға, кітапханада оқуға және оқу процесінде туындаған мәселелердің көпшілігін өзінің шеше аласыз. Бір адамға арналған бір кесте, мазмұнды кез келген уақытта реттейсіз. Болашақта қай мектепте болсаңыз да, қалада болсаңыз да, ауылда болсаңыз да әр курсты кезең-кезеңімен оқудың қажеті жоқ. Бұл жеке қызығушылықтар мен мәселелерді шешу қажеттіліктеріне негізделген дербес оқыту, бұл ауқымды желілік бірлескен оқыту.

*Ұлттық білім беру стандарттары мен ұлттық білім беру ресурстарының қазынасын құру.* Стандартты орнатқаннан кейін қандай оқу ресурстарымен платформдармен қамтамасыз ету өте маңызды болады. Ұлттың құш-жігері әлемдегі ең жақсы ресурстарды (оның ішінде отандық және шетелдік жеке білім беру мекемелері және тіпті жеке тұлғалар дамытқан ең жақсы ресурстарды) ұлттық білім беру платформасына енгізу үшін жасалуы керек. Интернетке негізделген білім беру емтихандарын бағалау жүйесін құру.

Жақсы білім дегеніміз не? Білім жүйесін шынымен игеру деген не? Шын мәнінде пайдалы адам дегеніміз не? Оқу нәтижелерін қалай тексеруге және бағалауга болады? Бұл реформаны ілгерілету үшін бағалауды қажет етеді. Біздің бағалау жақсарту үшін емес, таңбалau, таңдау және жою үшін арналған. Мұндай емтиханды бағалау механизмін өзгерту қажет. Болашақ бағалау негізінен сәйкестендіру үшін емес, жақсарту үшін жасалады. Оқытуудың алғашқы кезеңдерінде үлкен мәліметтер ұғымы бағалаудың негізі ретінде оқушылардың оқу процесін автоматты түрде жазып алу үшін қолданыла алды. Процесті жазу кезінде оқушының біліміндегі кемшіліктерді анықтап, уақытында жетілдіруге көмектесу керек. Сонымен қатар, болашақ емтиханды бағалау практикалық қабілеттерге және сұйылтылған дипломдарга көп көңіл бөледі. Болашақ университетте де жаңа модель болуы мүмкін: сіз белгілі бір теорияны білетіндігізді дәлелдеу үшін қатаң және халықаралық аккредиттеген бағалаудан өте алатын боласыз, университеттің сабагына қалаған жерінізден сабақ тыңдай аласыз.

Ойымызды қорытындалай келе, интернет бәрін өзгертетін осында заманда, егер осы үш мәселе шешілсе, біздің біліміміз бізді таң қалдыратын өзгеріске жеңіске әкеледі деп сенемін. Жаңа оқу орталығы бүгінгідей онлайын оқыту пайда болуымен жаңа білім әлемі жақсы болашаққа жол ашады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- [1] <https://bilimdinnews.kz/?p=96111>
- [2] <https://primeminister.kz/kz/news/oku-zhylynyн-basynan-bastap-26-mln-okushy-kashyktan-okytu-formatynda-bilim-alady-kr-bgm-47243>
- [3] Skinner, B.F. Beyond Freedom and Dignity. 1971.
- [4] Ivan Illich. Deschooling Society. 1971.
- [5] Hafner Katie Where Wizards Stay Up Late: The Origins Of The Internet — Simon & Schuster, 1998.
- [6] IDC's Digital Advertising Market Model, 1Q19